

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының санаттарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2014 жылғы 26 ақпандағы № 110 бұйрығының күшін жою туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 20 сәуірдегі № 306 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-1-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының санаттарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2014 жылғы 26 ақпандағы № 110 бұйрығының күші жойылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9266 болып тіркелген, 2014 жылғы 2 сәуірде «Әділет» ақпараттық – құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті:

1) қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде оның көшірмесінің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бір данасын баспа және электронды түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықтың көшірмесін қол қойылған күннен бастап апталық мерзімде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне және «Әділет» ақпараттық – құқықтық жүйесінде жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі А. В. Цойға жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

	Қазақстан	Республикасының
	Денсаулық	сақтау және
	әлеуметтік	даму
министрі	Т. Дүйсенова	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК